

«Бекітемін»

«Күншуақ» бөбекжай бакыласты

менгерушісі Айнур Рахимова  
2023-2024ж.



## «Қазақшаң қалай балақай»

Қазақ тілі мұғалімі: Азимбаева А.А.

2023-2024 оқу жылы

## **Қазақ тілі мерекесі «Қазақшаң қалай балақай?»**

«Аксұнқар және Ақшагала» мектеп алды даярлық топтар арасындағы сайыс.

**Міндеті:** Өзге ұлт өкілдерінің балалары мемлекеттік тілді құрметтеуге, қазақ тілде сөйлеуге үйрету.

**Мұғалім:** Армысыздар, құрметті қонақтар! 22 қыркүйек-Тілдер күні мерекесіне қош келдіңіздер! Сіздерді тілдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ана тілім-балашағым, өркенім

Ана тілім-болашағым, ертеңім

Шат-шадымнан күлмесем ем.

Жер бетінде сайрандап

Қазақ болып жүрмес ем.

Ана тілім менің

Әлдилеген әнім.

Ана тілім-демім,

Ана тілім-жаным.

Жанымнанда қымбат

Ана тілім маган.

**Мұғалім:** Біздің сайысмызды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіз. (әнұран ойналады)

Сайысқа қатысатын балаларды ортаға шақырайық.

1.Наима

2.Имана

3.Регина

4.Сафия

5.Алишер

6.Имран

7.Хасан

8.Эмиль

9.Мухаммад

**Әділқазылар мүшелері:**

**Менгеруші:** Айтжанова Р.И.

**Әдіскер:** Арыстанбаева Б.Ә.

**Мұғалім:** Біздің сайысымыз 4 турдан тұрады:

1 кезең- Таныстыру.

2 кезең- Тақпақты мәнерлеп жатқа айту.

3 кезең- Сұраптарға жауап беру.

4 кезең- Суреттегі сөздерді қазақша айту.

1.Таныстыру.Балалар өз туралы баяндап береді.

2.Мәнерлеп айту.

**Наима**

Тақпақ айтам-жаттап ал,

Көкейіңе сақтап ал!

Тұған тілім- айбарым,

Одан ыстық жок маған.

Тұған жердің төсінде,

Гүлдей жайнап өсемін,

Ата- анамды қуантып,

Биіктерге жетемін.

**Хасан**

Туган жерде толамыз,  
Ертең жігіт боламыз  
Отан –ортақ үйіміз  
Көңілді ән мен күйіміз.

**Сафия**

Туган жерде толамыз,  
Ертең жігіт боламыз  
Отан –ортақ үйіміз  
Көңілді ән мен күйіміз.

**Имран**

Ана тілім –ұраным,  
Ана тілім-құралым,  
Ана тілім болмаса  
Мықты болмас тұрағым.

**Регина**

Ана тілін біліп қой  
Еркіндігің, теңдігің  
Ана тілін біліп қой  
Мақтанашың, теңдігің

**Эмиль**

Ана тілің –арың бұл  
Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тілінді құрметте.

**Имана**

Мейірі мол балага

Барлық,барлық анаға.

Басымызды иеміз,

Бабамыздың тілі деп.

Даламыздың үні деп,

Ана тілін,

Ана тілін,

Ана тілін сүйеміз.

**Алишер**

Отан-сенің ата-анаң,

Отан- досың,бауырың ,

Отан – өлкен, астанаң ,

Отан –аудан,ауылыш.

Отан- тарих, Отан- тіл,

Жасаған елің , ер халқың.

Отан- өлең , Отан- жыр,

Көтерген көкке ел данқың...

**Мухаммад**

Отан-атам,Отан-әкем,

Осы сөзім қате ме екен?

Қате болса,неге біздер

Дейміз оны атамекен?

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тілінді күрметте.

### **Имана**

Мейірі мол балаға

Барлық,барлық анаға.

Басымызды иеміз,

Бабамыздың тілі деп.

Даламыздың үні деп,

Ана тілін,

Ана тілін,

Ана тілін сүйеміз.

### **Алишер**

Отан-сенің ата-анаң,

Отан- досың,бауырың ,

Отан – өлкен, астанаң ,

Отан –аудан,ауылыш.

Отан- тарих, Отан- тіл,

Жасаған елің , ер халқың.

Отан- өлең , Отан- жыр,

Көтерген көкке ел даңқың...

### **Мұхаммад**

Отан-атам,Отан-әкем,

Осы сөзім қате ме екен?

Қате болса,неге біздер

Дейміз оны атамекен?

Отан-әжем, Отан-анам,

Күшак жайған қатар маған

Тұған жер деп

Ол бекерге аталмаған

**3 кезең.** Сұраптарға жауап беру. Балалар ұяшықты таңдал, қойылған сұракқа қазақша жауап береді.

- 1) Біздің отанымыз қалай аталады? (Қазақстан)
  - 2) Қазақстан Республикасының рәміздері ( ту, елтаңба, әнұран)
  - 3) Біздің елбасымыз кім? (Токаев К.К.)
  - 4) Біздің астанамыз қай қала? (Астана)
  - 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі (қазақ тілі)
  - 6) Отбасы мүшелерін ата. (ата, әже, әке, ана т.б.)
  - 7) Сен қай қалада тұрасың? (Ақсуда)
  - 8) Сен неше жастасың? (5 жастамын)
- 4 кезең.** Суреттегі сөздерді қазақша атап беру керек. Әр қатысушыға 5 сурет көрсетіледі.
- 1) Май, көктем, кол, терезе, қоян
  - 2) Ит, піл, үй, орамжапырақ
  - 3) Әже, ешкі, гүл, аяқ, құз
  - 4) Қиыр, қыс, нан, мұрын, алма
  - 5) Ата, мысық, алмұрт, есік, аю
  - 6) Қыз, кірпі, доп, жаңбыр, ауыз
  - 7) Ат, түлкі, әтеш, орындық, ағаш
  - 8) Құыршық, тіс, шошқа, жаз, жұмыртқа

**5 кезең. Қорытындылау. Маралаттау.**

-Корытынды сөз әділказылар мүшелеріне беріледі

